**Түркістан обылысы .Келес ауданы**

**№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық**

**Мемелекеттік мекемесі**

«Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында

2023-2024 оқу жылында атқарылған
онкүндік іс-шарасы

№9 «Көлтоған» жалпы ортабілім береттін мектебі коммуналдық мемелекеттік мекемесі.

# Х А Т Т А М А

ДОСБОЛ Like айдары «Кітап және интернет» тақырыбында дебат өтті.

ДОСБОЛ Like айдары мақсаты:

Ынтымақтастыққа қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған ,мұндағы сенім өзара сыйластық пен еркіндік атмосферасын құру, бірлік, достық және мектеп ұжымдығы үйлесімділік .

Бір-біріне жылулық пен шынайлылық берік достық кепілдігі.

«кітап және интернет» дебатының мақсаты:

Қауіпсіз интернеті орната біліу, кітеппен достасу, пайдалы тұстарымен,осал тұстарын ескере отырып дұрыс пайдалану , интернетке тәуелді болуға жол бермеу,денсаулықты күту,бағалау. Позитивті көңіл-күйді жүру, барлық эмоцияны , қарым-қатынасты, іс-әректте тепе-теңдікті байланысты сақтау.

Кітап баланың қиялы мен шығармашылық қабілеттін қызығушылығын арттырады. Сонымен қаттар ой- өріссін түрлі жаман әдеттерден сақтайды, дамытып арттырады .


ДОС
БОЛ
Like







**Түркістан облысы Келес ауданы**
**№9 «Көлтоган» жалпы орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ақын,жазушы Сакен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл**

(семантикалық карта әдісі)




**2023-2024 оқу жылы**

Атыңнан айналайын қайран Сәкен,

Ұмытпан демім бар да тұлғанды әсем.

Ту ұстап, тұлпар мініп, қол бастаған,

«Тар жолда, тайғақ кешіп болдың көсем»-деп Сәбит Мұқанұлы жырлағандай С.Сейфуллин ұрпақтарға ұлан-ғайыр мұра қалдырып кеткені баршамызға аян.

Бүгін біз сіздермен мектебімізге есімі берілген жазушы, ақын, қоғам қайраткері, ел үшін еңіреген ер, қайтпас күрескер Сәкен өлеңдері бойынша мәнерлеп оқу сайысына жиналып отырмыз. Олай болса, көкірегінің көзі ашық, жыр сүйер қауым «Сәкен-жырдың сарқылмас дариясы» атты мәнерлеп оқу сайысына қош келдіңіздер!

Сайыстың мақсаты:

Ақынның өрісті ой, өшпес көркем мұрасын насихаттау, оқушыларға ұлттық, адамгершілік тәрбие беру, оқушының мәнерлеп оқу шеберлігін шыңдау арқылы ақын поэзиясын жүрегімен сезіне білуге тәрбиелеу, құштарлығын ояту.

Сайыс болғасын оның ақ-қарасын ажыратар әділқазылар алқасымен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер!

Ғылыми-әдістемелік жұмыс орынбасары: Т. Абдиминов

Оқу тәрбие ісінің меңгерушісі : Қ. Джорабеков

Аламан бәйгеде оза шауып,шамасына шаң жұқтырмаған ерен жүйрік,лирик ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Енді бір сәт ақынның өмірдеректеріне жүгінейік….

(Слайд арқылы көрсете отырып баяндау)

Сарыарқаның бір тауы бар,

Бір тауы бар сымбатты

Сол таудан сен сыр тауып ал,

Сыр тауып ал, қымбаттым,-деп сол бір мәңгілік көштің сырлы әуеніне, жадымызда жаңғырған жыр жолдарында құлақ салу үшін сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер!

Ортаға өзге ұлт өкілдерінің оқушыларын шақырамыз.

6 –сынып оқушылары Құрманғазы Сая.  Қаржау Аяжан

«Сәкеннің әкесі Сейфолла өз еңбегімен күн көрген саятшы, домбырашы, ақ жарқын, әңгімеші адам болған. Шешесі Жамал да ел әдебиетін жақсы білген. Осы орта жас Сәкеннің халық өнеріне  деген сезімінің оянуына көмектескен», -дейді академик С.Қирабаев.

1905жылы әкесі Сәкенді 11 жасында Нілді зауытына оқуға жібереді. Сәкен орысша үйреніп, зауыттың орыс-қазақ мектебінде оқиды. Еңбек адамдарының ортасында болған келешек ақын ерте есейеді. Отаршылдық езгімен, ұлттық қанаумен ерте танысқан Сәкеннің өлең жазбауы мүмкін емес еді, -деп ортаға 7-сынып оқушыларын шақырамыз: Зейілбек .Б Мұхамеджанова .М

Ақынның шығармашылығы 30-жылдары кінәсіз репрессияға ұшырап, оның есімі тек 1957 жылы ғана ел тарихымен қайта қауышты,- деп ортаға 8-сынып оқущыларын шақырамыз.  Теңгебекова Нұршат Қырғызбаева . Арайлым

Сәкеннің шығармаларын біржақты, тек кеңес кезінің туындысы деп қараған дұрыс емес. Оған көз жеткізу үшін ақынның өлеңдеріне үңілейікші. Ортаға 9-сынып оқушысы Қаржау .А Н. Хален

Түркістан облысы Келес ауданы

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі .

«Бекітемін»

Мектеп директоры: Қ . Тұрсынбекова

# Ертеңгілік

## Тақырыбы : «Менің сүйікті ертегім»

**Сынып жетекшілер : Арапбаева. Ж**

**Тажиханаова. З**

**Кітапханашы : Мусабаева . А**

2023-2024

1а сынып

Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім»

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту .Ойлау қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай біліуге үйрету,ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, сонымен қатар мәнерлеп сөйлеуге баулу ,шығармашылық қабілетін дамыту. Халық ауыз әдебиеті шығарма кейіпкерлерінің істеріне баға беріп. Оқушы бойындағы адамгершілікті дамыту,логикалық ойлауын және психолгиялық қабілетін

Көрнекілігі : Ертеңгілікe қажетті материялдар.

Түрі: Кітап көрме , шарлар , буклеттер, ертегі кітаптар

Армысыздар балалар :

- Балалар ,сендер кітап оқисыңдар ма?
- Қандай ертегі оқыдыңдар ?

-Ертегі оқыған сендерге ұнай ма?

Ертедегі халықтың ертеңге деген сенімі мен үміт-арманы, бақыты туралы ойларын көруге болады.

Ертегі ғасырлар бойы сақталып,біздің дәуірімізге жеткен.

Әдетте ертегілер «ерте, ерте, ертеде »баяғы заманда деп, соңы жақсылықпен аяқталады.

Ал енді балалар ертеңгілігіміздің шарттары мен танысайық

Ертегілерден көрініс көрсету

1а сынып «Бауырсақ» ертегісі нен көрініс.

1а сынып

1а сынып «Бауырсақ» ертегісі нен көрініс.

1а сынып «Шалқан» ертегісінен көрініс.

Қорытынды:

Ертегілер еліне саяхат жасау сендерге ұнады ма? Балалар

Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіреді екен. Ертегі сендерді жамандықтан аулақ жүруге,жақсылық жасауға,адалдыққа үйретеді екен. Олар керек кезде бір-біріне көмекке келеді екен.

Сонымен балалар ертегілер «ерте, ерте, ертеде» баяғы өткен заманда деп , басталып соңы жақсылықпен аяқталады екен.









# ХАТТАММА

**Барлығы: 20**

**Қатысқандар саны : 18**

05-15 ақпан аралығында 2-4 сыныптар аралығында «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында, 05-15 ақпан аралығында бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістеме бірлестігінің

« Білім негізі бастауышта» тақырыбында онкүндік іс-шараның жоспары бойынша .

1-сыныптар арасында. «Менің сүйікті ертегім» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. «Бауырсақ» ертегісімен «Шалқан» ертегісінен көрініс көрсетілді.

Мақсаты: Білім алушылардың адамгершілік қасиеттерге тәрбиелей отырып,ой-қиялын шығармашылық қабілетін дамыту.

Балаларды кітап оқуға баулу, қиялдай біліуге үйрету, ертегілер арқылы балаларды адамгешілікке, мейірімділікке және адалдыққа ,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, сонымен қатар мәнерлеп сөйлеуге баулу, шығармашылық қабілетін дамыту.

Түркістан облысы Келес ауданы

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі .

«Бекітемін»

Мектеп директоры: Қ . Тұрсынбекова

# Тақырыбы : «Менің сүйікті ертегім»

**Ертегілер еліне саяхат**

**Сынып жетекшілер : Арапбаева. Ж**

**Тажиханаова. З**

**Кітапханашы : Мусабаева . А**

**2023-2024ж**

# Тақырыбы: «Менің сүйікті ертегім»

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін кеңейту .Ойлау қайта жаңғыртып еске түсіру арқылы қиялдай біліуге үйрету,ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, сонымен қатар мәнерлеп сөйлеуге баулу ,шығармашылық қабілетін дамыту.

**Көрнекілігі :** Көрнекіліктер

Түрі: Кітап көрме , шарлар , буклеттер, ертегі кітаптар

Кіріспе сөз кітапханашы : Ертегілер халықтың бірегей туындысы . Олар мәнді де көңілді де мұңды еліктіріп қызықтырады. Ертегі оқу арқылы жақсылық міндетті түрде жамандықты жеңетін сиқырлы әлемге енесіңү Ертегілер бір-біріне ұқсағанымен , әқайсысы өзінше қызық.

Құрметті : Ұстаздар және балалар бүгін біздің . «Оқуға құштар мектеп» жобасына байланысты « Менің сүйікті ертегім» атты . 1-сыныптар арасында өткізгелі оттырған .

Ертегілер еліне хош келіпсіздер .

Бұл көрсеткелі жатқан екі ертегімізде орыс халық ертегісі , балалар.

Ертегінің негізінен көптеген түрлері бар, Олар:

1. Қиял – ғажайып ертегісі
2. Шыншыл ертегісі.
3. Жан-жануарлар туралы ертегі.
4. Тұрмыс-салт ертегісі,болып бөлінеді екен,

Шарттары мен таныс болыңыздар:

1.Ән «Әжем айтқан» ертегі

2. Би «Ертегілер» биі

3. «Бауырсақ» ертегісінен көрініс.

4. «Шалқан» ертегісінен көрініс

1а –Сынып оқушысы .Сапар Кәусардың орындауында « Әжем айтқан ертегі» әнін тыңдаңыздар.

Ал балалар «Бауырсақ» ертегісін 1а-сынып оқушыларының , сахналағанын көріп тамашалауға ұсынамын.

Балалар «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін білесіңдер ма?

Міне балалар «Бауырсақ » ертегісін көріп тамашаладыңдар. Мақтаншақтық дұрыс па?
Ал енді балалар ,мен сендерді «Шалқан» ертегісін көріп тамашалауға шақырамын.
«Шалқан» ертегісі орамжапырақ тұқымдасына жататын екі жылдық көкөніс .Шалқанның түсі ақ немесе сары болады екен. Шалқанның құрамында ағзамызға пайдалы көптеген дәрумендер бар. Емдік қасиеті де бар.

Ал енді балалар : 1ә-сынып оқушылырының орындауында ертегілер биі.

**Қорытынды сөз кітапханашы: Ертегілер біздің адами қасиеттерімізді оятып, досымызға айналады. Міне сондықтан да сіздерді ертегі оқуға шақырамын.**

Ал балалар . « Менің сүйікті ертегілер» атты .Ертегілер еліне саяхатымыз аяқталды . Көріп тамашалағандарыңыз үшін көп- көп рахмет.

Түркістан облысы Келес ауданы

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі .

«Бекітемін»

Мектеп директоры: Қ . Тұрсынбекова

# Тақырыбы : «Менің сүйікті ақыным

**Кітапханашы : Мусабаева . А**

**2023-2024ж**

# ХАТТАММА

**Барлығы: 18**

**Қатысқандар саны : 18**

05-15 ақпан аралығында 2-4 сыныптар аралығында «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында, 05-15 ақпан аралығында бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістеме бірлестігінің

« Білім негізі бастауышта» тақырыбында онкүндік іс-шараның жоспары бойынша .

2,3,4-сыныптар арасында. «Менің сүйікті ақыным» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

Оқушылар: Ақын-жазушылардың өлеңдерін жатқа айтты.

Атап айттар болсам 2 «а» сынып оқушысы.Тәжібай. Дамина Тұрдықұл Мейрамбек. 3 «а» сынып оқушысы Сман. Жансұлтан 3 «Ә»Сынып Асанбай. Әселхан 3 «Б» Сынып оқышысы Баратбай .Дамина 4 «А» Сынып оқушысы Мүсілім. Марал 4 «Б» Сынып оқушысы Амантай Аякөз.

Осы оқушыларымыз ерекше көзге түсіп 1ші Орынға еие болды .

Мақсаты: Келешек ұрпақтың сана сезімі ,рухани ойлау қабілеттін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру: Оқушыларды әдепттілікке, әсемділікке тәрбиелеу. Кітап оқуға баулу білім көзі кітапта екендігін баулу.

**Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, Драматург Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай «Өз Отаныңды өшірме» атты портрет кеші**




**2023-2024 оқу жылы**

Сабақтың тақырыбы: «Ахмет Йасауи-ақын,асқан ойшыл

Мақсаты: білімпаз ғалым,ақын,асқан ойшыл,бүкіл түркі жұртының рухани атасы,сопылық әдебиеттің өкілі жайлы мағлұмат беру, «Даналық кітабынан» үзінді оқытып,сақтандырған бес нәрсені айту,жаздырту. ә)сыни тұрғыда ойлау қабілетін дамыту,өз бетімен ізденуге баулу,ой қорытуға дағдыландыру. б) ислам дінін уағыздау арқылы ізгілікке,адамгершілікке,мейірімділікке үндеу,

«Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында оқушылардың
кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында
өткен «Оқу сағаты» жобасының

Хаттамасы
№12

Күн тәртібінде:

1. «Оқу сағаты» жаңа жобасын таныстыру.
2. Жаппай мектепте бір мезгілде 20 минуттық оқуды ұйымдастыру.
3. Іс-шараға мектеп әкімшілігін , кіші қызметкерлерді, оқушыларды түгелдеу тарту.

Тыңдалды: «Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасын орындау және оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын ояту мақсатында мектеп әкімшілігімен «Оқу сағаты» жаңа жобасы талқыланды. 17 наурыз күні мектебімізде осы жаңа жоба қолға алынып, кітапханада оқырмандар,мектеп әкімшілігі өз жұмыс орындарында, оқушылар өз сыныптарында мектептің кіші қызметкерінен бастап барлығы бір мезгілде кітап оқыды. Осы жоба екі аптада бір рет ұйымдастырылып тұрса деген ұсыныс айтылды. Біздің мақсатымыз баланы кітап оқуға қызықтыру, кітапханаға тарту.

Мектебіміздің мұғалімдері де бұл жобаға қатысып, кітапханада бос уақыттарында кітап оқыды.

Кітапханашы А.Мусабаева короновирус індетіне қатысты санитарлық талаптардың орындалуын керектігін ескертті.

Ұсыныс

1. Кітапханада «Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында «Оқу сағаты» жаңа жобасы жалғасын тапсын.
2. Мектепте екі аптада бір рет «Оқу сағаты ұйымдастырылсын.